

Тулепова Гульмира Кайырбековнаның
 6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы
 бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ірі қара
 малы бруцеллезіне диагностикалық препарат үшін нано-платформа дайындау»
 атты диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша

ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жарап нұсқаларының бірін сзызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға бюджеттік бағдарламасы, ғылыми жоба шенберінде: «Ірі қара бруцеллезінен КР аумағын сауықтыру үшін ViroN-Brucella диагностикалық жиынтығын өзірлеу» жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында Мемлекеттік тіркеу № AP05135949.</p> <p>орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жынындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Зерттеулер 2018-2020 жж. аралығында КР БФМ 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, ғылыми жоба шенберінде: «Ірі қара бруцеллезінен КР аумағын сауықтыру үшін ViroN-Brucella диагностикалық жиынтығын өзірлеу» жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында Мемлекеттік тіркеу № AP05135949.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертант ветеринария ғылымы мен практикасының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын – бруцеллез ауруының балауын жетілдіруді заманауи әдістердің көмегімен, атап айтсақ гендік инженерия әдістерінің көмегімен шешу жолдарын көрсеткен. Осы мақсатта, <i>B.abortus</i> rb19 ДНҚ геномы бөлірі алынған; гендер банкі бойынша бруцеллездің беткейлік антигендерінің нуклеотидтік тізбегін анықтаған; бактериялық торшаларға клондау үшін <i>Omp25</i> және <i>Omp16</i> беткейлік бруцеллез антигендерін бөліп алынған және дайындалған; өсімдік вирустарының өзгерілген капсидтік акуыздарын өндіруге арналған вектор құрастырылған және VLP платформасына <i>Omp25</i> және <i>Omp16</i> беткейлік бруцеллез антигендері енгізілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейіне «жоғары» баға беруге болады.

		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды. <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сынни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Диссертация өзектілігінің негіздемесі жұмыстың Әдеби шолу бөлімінде алты бөлімшелерде жақсы негізделген</p> <p>Диссертация мазмұны сиыр бруцеллезіне диагностикалық препарат үшін нано-платформа дайындау жұмыстарын қамти отыра диссертация тақырыбын толыққанды айқындайды.</p> <p>Жұмыстың мақсаты сиыр бруцеллезіне қарсы диагностикалық жиынтықты әзірлеуге керекті Brucella spp. бактерияларының рекомбинантты нәруыздарын өсімдік жасушаларынан өндіруге арналған платформа жасау болып табылады. Демек, жұмыстың мақсаты және одан туындастын міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс дәстүрлі төрт бөлімнен тұрады және олар өз-ара түрде логикалық түрде толық байланысқан.</p> <p>Диссертант бруцеллез қоздырғышының (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, нәруыздық антигендерін өсімдік бүріннан белгілі шешімдермен жасушаларынан алу әдісін әзірлеу, оның салыстырылып бағаланған: маңыздылығын атапты бағыттағы атқарылған жұмыстармен сынни түрде салыстыра отып, баға берген.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). <p>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	<p>Алғаш рет гендік-инженерлік методология негізінде өсімдік жасушаларынан Brucella тұқымына жататын үш вакциналық штаммдарының (Rb19, Rb51, Rb82) сыртқы мембрана нәруыздарын алуға нано-платформа әзірленді. Атапты платформа беткейлік нәруыздардың синтезіне жауапты генддерді өсімдік жасушасында экспрессиялау арқылы құрастырылды.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың корытындылары толығымен жаңа болып табылады. Viron-Brucella диагностикалық жиынтығын әзірлеу мақсатында алғаш рет бруцеллалардың беткейлік ақуыздарының түзілуіне жауапты гендер өсімдікке жүзім</p>

			жапырақтарының А вирусының (вектор) көмегімен жүзеге асқан.
	5.3 Техникалық, технологиялық экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Бруцеллез қоздырғышының сыртқы мембрана ақуыздарын (Omp16, Omp25) -өсімдік жасушасынан өндірудің заманауи биотехнология әдістеріне негізделген принциптері анықталған.	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық негізгі корытындылардың ғылыми түргыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Жұмыс нәтижелері бойынша алғынған ғылыми-зерттеу нәтижелеріне негізделген бес қорытынды жасалған. Ғылыми түргыдан алғанда жасалынған қорытындылар бруцеллез маңызы бар ақуыздарын аладың тиімдіде, қолайлы жолдарын көрсетеді.
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Макалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда макаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер: - Бруцеллез қоздырғышының (Omp25 және Omp16) нәруыздық антигендерін өсімдік жасушаларынан алу әдісін әзірлеп, оның маңыздылығын наноплатформа дайындау арқылы дәлелденген. 1. Корғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденді. 2. Корғауға шығарылған негізгі ережелер тривиалды. 3. Корғауға шығарылған негізгі ережелер жаңа болып табылады. 4. Корғауға шығарылған негізгі ережелердің қолдану деңгейі орташа. 5. Корғауға шығарылған негізгі ережелер макалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік қагидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау негізделген немесе әдіснама нақты балаудың жазылған:	Зерттеу жұмысында бруцеллездің молекулалық-генетикалық әдістер қолданылған. Қолданылған

	акпараттың дәйектілігі	1) ия; 2) жоқ.	әдістер түсінікті түрде, нақты жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы заманғы әдістері мен деректердің өндеу және әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы заманғы әдістері мен деректердің өндеу және әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен зерттеулермен дәлелденген және расталған. (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы жеткілікті деңгейде негізделген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Алынған бруцеллез антигендері кейіннен ірі қара малдың бруцеллезінен қарсы рекомбинантты вакцина өндірісіне негіз ретінде пайдалануға болады. Өйткені оларда адамдар мен жануарлар үшін патогенді вирустар кездеспейді. Жұзім А вирусының гені мен бруцеллездік антигенінің гені біріктірілген платформа бірегей әзірлеме болып табылады, өйткені ол бруцелланың мембраналық акуыздарын өсімдіктерде синтездеуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, ауыл шаруашылығы майдарының бруцеллезінен қарсы платформа әзірлеуғе негіз болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа.

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында корғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Зеттеу жұмысының орындалу нәтижелері бойынша: 8 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 3 мақала КР ЕжБМ БФБК ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялар материалдарында және 1 мақала Scopus компанияларының мәліметтер базасына кіретін журналда, 1 өнертабысқа патент алынды. «Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін диагностикалау және алдын алу үшін бруцеллез антигенін алу тәсілі». «Ұлттық зияткерлік мешіткі институты» №35533. 25.02.2022	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	6D120100-«Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Ірі қара малы бруцеллезіне диагностикалық препарат үшін нано-платформа дайындау» атты диссертациялық жұмысы PhD докторлық диссертациясының талаптарына сәйкес, және диссертант Тулепова Гульмира Кайырбековна PhD дәрежесін беруге сай келеді.	

Ресми рецензент:

Мұқанов Қасым Қасенұлы
(қолы, тегі, аты-жөні)

ЖШС «Ұлттық биотехнология орталығының» Қоладанбалы генетика зертханасының аға ғылыми қызметкері, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор

«14 » 11 2024 жыл

Профessor Қ.Қ. Мұқановтың қолын растанымын

Ғылыми хатшы



М.А. Рахимбергенова